



030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, Қ.Мұхамедханов 20
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

030018, Актюбинская область, город Актөбе,
Ақжар 2, К.Мухамедханова 20
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

БҰЙРЫҚ № 28 н/к

«08» қаңтар 2026 ж.

Ақтөбе қаласы

**Жалпы білім беретін орта мектептегі
білім алушылар мен тәрбиеленушілердің
жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен
тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы №598 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрықтарына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 08.01.2026 жылғы №12 бұйрығы негізінде **Бұйырамын:**

1. Ақтөбе облыстық білім басқармасымен бірлесіп келісілген ас мәзірі негізінде 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны жас ерекшеліктеріне 6 (7)-10 жас-678 теңге, 11-15 жас-760 теңге және 16-18 жас-800 теңгемен (ҚҚС қоспағанда) есептелініп, ұйымдастырылсын.
2. Мектепте бекітілген жекелеген санаттағы білім алушылардың тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 4 апталық ас мәзірі 2026 жылғы 08 қаңтардан бастап енгізілсін.

I – ауысым

- 1 «А», 1 «Ә» - 09:30 – 09:40 (48 білім алушы)
4 «А», 4 «Ә» - 08:45 – 08:55 (53 білім алушы)
8, 9 «А», «Ә», 10 «Ә», 11 - 10:35 – 10:40 – (16 білім алушы)

Барлығы : 117 білім алушы

II – ауысым

- 2 «А», 2 «Ә» - 14:45 – 14:55 (43 білім алушы)
3 «А», 3 «Ә» - 15:40 – 15:50 (48 білім алушы)
5 А, Ә, Б, 6 А, Ә, 7 А, Ә - 16:35 – 16:40 (19 білім алушы)

Барлығы : 110 білім алушы

Жалпы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылар саны - **227**

3. Мектеп асханасындағы тамақтану жұмысының санитарлық-гигиеналық тазалығы талаптарға сай жүргізілсін.
4. Жекелеген санаттағы білім алушылардың құжаттарының тізбегін ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10 қосымшасына сәйкес жүргізілсін.
5. Оқушылардың белгіленген уақыт кестесіне сай тамақтануы сынып жетекшілерге міндеттелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау әлеуметтік педагог Д.Т. Туретоваға жүктелсін.

Мектеп директоры  **Н.Ж. Байниязова**

